



**Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан білім алушыларға оқу кезеңінде қоғамдық көліктерде жүріп тұруы үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 6/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2008 жылы 15 мамырда N 10-1-89 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы N 15/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 28.03.2013 N 15/6 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қызылорда қаласы әкімдігінің "Қызылорда қаласындағы аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан білім алушыларға оқу кезеңінде қала ішіндегі қоғамдық көліктерде жүріп-тұруы үшін әлеуметтік көмек беру туралы" ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 52 бабының 1 тармағының 5-тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 2-тармақшасын және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарын басшылыққа ала отырып, қалалық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Қызылорда қаласының мемлекеттік жоғары және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында оқитын аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан білім алушыларға оқу кезеңінде қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүріп-тұруы үшін әлеуметтік көмек көрсетілсін.
2. Қызылорда қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.
3. Бұл шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік мерзімнен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың кезектен тыс алтыншы сессиясының төрағасы*  
*Қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Шүренов*  
*И. Құттықожаев*

